

"Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 352 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихатының 2021 жылғы 14 сәуірдегі № 26 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 20 сәуірде № 8304 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабына және "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 352 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5402 нөмерімен тіркелген, 2016 жылғы 21 сәуірде "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 3-сессиясының төрағасы

Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы

І. ТІЛЕП

Н. Байкадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының

2021 жылғы 14 сәуірдегі

№ 26

шешіміне қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының

2016 жылғы 10 ақпандағы № 352

шешіміне қосымша

Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі

№	Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың атауы
1	Қаратерең ауылы-Әйтеке би кенті
2	Т. Көмекбаев ауылы-Қызылорда қаласы
3	Жалағаш кенті-Жосалы кенті
4	Аққыр ауылы-Қызылорда қаласы
5	Жаңадария ауылы-Қызылорда қаласы
6	Іңкәрдария ауылы-Қызылорда қаласы

7	Тұрсынбай датқа ауылы-Қызылорда қаласы
8	Ортақшыл ауылы-Қызылорда қаласы
9	А. Тоқмағанбетов ауылы-Қызылорда қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК